

Содан бастап, ғасырлық ғылым атаулыны, соның ішінде тарих ғылымдарын, этнография мен археология ғылымдарын-осы тақырыпта жан таласа жалған дәлелдер мен тұжырымдар табуға жұмсап, осындай жалғандықтар үшін әуре-сарсаңға салды.

«Қазақтар осы таяу ғасырларда хандық құрған, олар ертеде көшпенділер еді, жер суы болмаған» дегенді аузы кеппей айта берді, айта берді. Осы тақырыпты дәлелдеуге барын салды. [1].

Ал, шындық пен ақиқат олардың дегеніне көнбеді. Олар өз қолдарымен тарихтағы Отырар қаласының жұртын өткен ғасырдың жетпісінші Туымыз, өр дауыспен көкті жара шырқататын айбатты Елұранымыз, төр маңдайшамызда жарқырап тұрған дүлдүл мүсінді Елтанбамыз, өз төрімізге құрметтеп ілінген, гүл жүзінен нұр тамған ұлты қазақ көсеміміз, міне, осылардың барлығы ерекше аялауға, ізетпен ардақтауға, зерденің зеңгірінде ғана тамаша ілтисипатпен ұстауға татитын ұлы құбылыс. Ал, Есік обаларынан алтын кіреуке киген ескі күндегі қазақтың арғы атасы саналатын сақ жауынгерін көргенде, оларды да, кей ғалымдары Иран текті шығар деп жорамалдап та бақты. Амал не, қатал тарих шындығы, олардың «мылжыңын» жоққа шығарып тастады. Орхон жазуларын көрген батыс ғалымдары, оны «руникалық жазулар» шығар десіп, немесе Балқан жарым аралында XI ғасырларда жасаған елдерден, немесе Гот елінің жазулары болар, ол Орхон бойына тарап барған жазулардың жалғасы десіп сандырақтады.

Содан барып, аталы жалғастықты, тұқым қуалайтын табиғи ерекшелікті өздерінше жоққа шығарып, бұрмалап, ертедегі сақтар, ғұндармен ешқандай қандастық туыстығы жоқ. Түріктердің қазақтармен ешқандай қандастық туыстығы жоқ, дейтін адам ойын алжастыратын пікірлерін, тағы басқада тарихи дәлелдемелерін, «ғылымсымақтарын» өздерінше жасаған тұжырымдарды да ортаға салды [3].

Тәуелсіздік пен тарих – тамырлас. Тәуелсіздіксіз тарих оңалмайды, тарихсыз тәуелсіздіктің қадір-қасиеті ашылмайды. Ендеше біздер, тарихшылар, ұлы міндетке сай еңбек етейік.

Әдебиеттер

1. Геродот “Тарих” 1930, түрікше, Анкара.
2. Z. Togan “Ummuı Tarıh”, З. Тоған “Жалпы тарих”. 1960, Станбұл.
3. “Orhon Yazıtları” “Орхон жазулары” 1980, Станбұл.
4. Bahaddin Ögel “Türk Kültürünün Gelişme Çağları”, Бахаддин Öгел “Түрік мәдениетінің гүлдену кездері”, 1988, Анкара
5. Егемен Қазақстан, №828-831, Желтоқсан, 2012 жыл.
6. Марғұлан Ә. Тамғалы тас жазулары. // Жұлдыз, - №1, 1984

АЛАШ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

**Кенел Сағыныш Болатұлы, Сүлейман Демирель Университеті
Ғылыми жетекші: филос.ғ.к. І.Әйтiмбет**

Түйін

Алаштың қазіргі заманға, қазақ еліне қалдырған мұрасы зор, ол бізге аманат ретінде қалдырылды деп есептеймін. Ол аманат бізге Алаш партиясының бағдарламасынан көрініс табады. Осы бағдарлама өз маңыздылығын әлі де жоғалтпады, қазақ еліне беретін мүмкіншіліктері көп. Қазіргі қазақ жастарына, қазақ еліне беретін мәдени және рухани құндылықтар біздің дамуымызбен өркендеуімізге үлкен үлес қосады деген ойдамын.

Аннотация

Алаш оставила для нас большое наследие, оно оставлена нам как Аманат. И этот Аманат мы можем увидеть в виде программы, который Алаш составила для развития нашей страны, в то

время Алаш Орды. Это программа важна для нас как и прежде, оно может нам дать многие возможности как для развития страны, так и для развития духовности народа. Программа показывает, что страна это народ, а развитие можно достичь только развивая культуру и духовные наследия народа. Будущее это молодежь страны. Поэтому надо объяснить, показать им истинные ценности для человека, для народа, для страны.

Annotation

Alash left us a great legacy, it is left to us as Amanat. And this Amanat we can see in a program that Alash made for our country, while the Alash Orda. This program is important for us as before, it can give us many opportunities for the development of the country, and for the spiritual development of the people. The program shows that the country is the people, and the development can be achieved only by developing the culture and spiritual heritage of the nation. The future is the country's youth. Therefore it is necessary to explain, to show them the true values for the human, for the people, for the country.

Kіріспе

Алаш партиясы 1905 жылғы Ресей революциясынан кейін қалыптасқан қазақ зиялыларының ұйым. Алаш партиясы сол кезде Ресей империясының астында болып, езілген, қаналған қазақ елінің санасын ояту үшін көзі ашық қазақ азаматтары бас қосты. Қазақ елі өзі дербес ел болуды арман етті, соны іс жүзінде асыруға тырысты. Ол кезде өз қиындылықтары да болды. Осы үлкен істі, жобаны бастаған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов айтпай кетпесек болмайды. Олар ең басты мәселе қазақ халқының санасын ояту керек екенін түсініп, қазақ халқына ащы шындықты, көздерін ақпараттық құралдар арқылы ашуға тырсты. Жалпыхалықтық басылымға айналған «Айқап», «Қазақ» газеттерінен көруге болады. Алаш зиялылары қазақ елін құрмақ оймен өз бағдарламасын құрды. Солай 1917 жылы Алаш Орда үкіметі құрылды. Ең негізгі көрініс ол осы құрылған бағдарлама деп ойлаймын. Осы бағдарлама арқылы Алаш зиялылары елдің дамуындағы негізгі мәселелерді көрсетті, негізгі құндылықтарды көрсетті. Осы құндылықтар өзінің маңызын ешқашан жоғалтпайды деп ойлаймын. Себебі осы бағдарлама кез келген елдің жобасында бар.

Негізгі бөлім

Қазақ елі салыстырмалы түрде жас мемлекет. Бірақ тәуелсіздік алуымыз сол Алаш партиясынан, Алаш Ордадан басталған ұзында қиын жол болды. Осының бәрі Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов бастаған істен басталды. Олардың сөздері, ойлары қазақ халқына жетті деп ойлаймын. Соның арқасында біз осы күні тәуелсіздікке қол жеткізіп отырық. Алаш азаматтарының қойған бағдарламасы 10 бөлімнен тұрды.

1. Мемлекет қалпы

Россия демократиялық, федеративтік республика болу. Демократия мағынасы – мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы — құрдас мемлекеттер бірлесуі. Федеративтік республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді.

2. Жергілікті бостандық

Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Россия Республикасының федерациялық бір ағзасы болу. Реті келсе, қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлесе болу, реті келмесе, бірден-ақ өз алдына жеке болу. Алаш партиясы әділдікке жақ, нашарларға олдас, жебірлерге жау болады.

3. Негізгі құқық

Россия республикасында дінге, ханға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең болу.

4. Дін ісі

Дін ісі мемлекет ісінен бөлек болады. Дін біткенге тең құқық. Дін жаюға ерік. Кіру-шығу жағына бостандық. Муфтилік қазақта өз алдына болады. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер молдада, жесір дауы сотта қаралады.

5. Билік хәм сот

Әр жұртқа билік пен соты тұрмыс ыңғайына қарай болу. Би һәм судья жергілікті жұрттың тілін білу. Аралас жерде соттың тергеу-тексеруі һәм үкімі жергілікті жұрттың қай көбінің тілінде айтылу. Би һәм судья орнынан тергеусіз түспеу. Билік һәм сот жүзінде жұрт біткен тең болу; Құдайдан соңғы күшті би һәм судья болып, кім де болса, олардың үкіміне мойынсыну.

6. Ел қорғау

Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмау. Әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету керек. Әскер табына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу. Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқару.

7. Салық

Салық әл-ауқат, табысқа қарай байға — байша, кедейге кедейше әділ жолмен таратылу.

8. Жұмысшылар

Жұмысшылар закон панасында болу керек,— (Қазақ жерінде завод-фабрика аз, сондықтан қазақтың жұмысшылары да аз. «Алаш» партиясы жұмысшылар турасында социал-демократтардың меньшевик табының программасын жақтайды.)

9. Ғылым-білім үйрету

Оқу құралдарының есігі кімге де болса ашық және ақылсыз болды. Жұртқа жалпы оқу жайылуы, Бастауыш мектептерде ана тілінде оқуы; қазақ өзтілінде орта мектеп, университет ашуы; оқу жолы өз алдына автономия түрінде болуы; үкімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер, профессорлар өзара сайлау мен қойылуы, ел ішінде кітапханалар ашылуы керек.

10. Жер мәселесі

Төтенше жиналыс негізгі заң жасағанда сыбағасы алдымен жергілікті жұртқа берілсін деуі; қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша, қазақ жеріне ауған мұжық келмеуі, бұрын алынған жерлердің мұжық отырмағандары қазаққа қайтуы; қазаққа тиетін жер сыбағасын жергілікті комитеттер кесуі, сыбаға өлшеу — норма жерлердің топырағы мен шаруалық түріне қарай жасалуы; сыбағадан артылған жер земство қолында болуы тиіс; артық тұрған жерден ел өскенде ауық-ауық сыбаға кесіліп берілуі. Жер заңында жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалану керек. Пайдасынан артық жер сатылмай, земствоға алыну. Жердің кені, астығы, байлығы қазынанікі болып, билігі земство қолында болу. Осы бағдарламның өзінен қазақ елі қандай болады деген сұраққа жауап бар берілді деп ойлаймын.

Қорытынды

Қазақтың көзі ашық, елім, жерім деген азаматтары сол кездегі қазақ елінің жағдайын көріп, болашағын ойлап осы бағдарламаны құрды. Ол 1 ғасыр бұрын жасалса да, өз құндылығын жоғалтпады. Бағдарлама тек мемлекеттің өркендеуінде емес, елдің, адамның адам болып қалыптасуына да үлкен әсер етеді. Осы Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов ағаларымыз бізге қалдырған өсиеттерін қолдана отырып біз тек мемлекетімізді ғана емес, Қазақ елінің рухын көтереміз деп ойлаймын. Сол себепті қазіргі жастарды, яғни бізді, осы жоспармен таныстыра отырып біз жастарға дұрыс бағдар береміз деп ойлаймын.

Әдебиеттер

- 1.// <http://www.qasym.kz/>
- 2.// <http://malimetter.kz/>
- 3.//<http://www.azattyq.org/>

КИПР МӘСЕЛЕСІ

Икрам Нұрасыл Әбдімүтәліпұлы, Сүлеймен Демирель Университеті

Түйін

Зерттелу барысында Кипр аралының 10.000 жылдық тарихы болғаны баяндалуда. 10.000 жылдық тарихтың 7.000 жыл тарихы б.з.д. жатады және Жерорта теңізі мәдениетімен тікелей